



Мәртөбе

Martobe_91@mail.ru

аудандық ақпараттық апталық

12+

Газет 1962 жылдан бастап шығады.

№38 (6485) 2025 жылғы қазанның 17-сі, жұма.

► Бәрекелді!

Қазақстан Республикасының Конституциясының 30 жылдық мерекесі және «18 қазан – Рухани келісім күніне» орай облыстық дін істері басқармасының ұйымдастыруымен «Ойлан тап» интеллектуалды ойыны өтті. Шараның басты мақсаты – жастардың білімін шыңдау, ұлттық құндылықтарға, тарих пен мәдениетке деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ өзара сыйластық пен бірлікті насихаттау. Облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаев шараға арнайы қатысып, «Рухани келісім күнімен» құттықтап, жүлдегерлер мен жеңімпаздарды марапаттады.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖҮЛДЕГЕР



–Интеллектуалды сайыс қатысушылардың зияткерлік әлеуетін арттырып, шығармашылық ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, олардың отансүйгіштік сезімін, ұжымдық рухын арттырады. Сонымен қатар, қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, жаңа серіктестік және достық байланыстар орнатады, – деді Ертай Кенжебекұлы. Сайыс үш кезеңнен тұрды. Сұрақтар еліміздің және Түркістан облысының тарихы, әдебиет, ұлттық салт-дәстүрлер, дін саласындағы заңнамалар және спорт тақырыптарын қамтыды. Қатысушылардың білімі мен тапқырлығын кәсіби әділқазылар алқасы бағалады. Қазылар алқасы қатарында телогия және философия ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетай, білікті дін қызметкері Айдос Оспанов және облыстық дін істері басқармасының басшысы Рүстем Сабыржанұлы болды. Тартысқа толы өткен интеллектуалды сайыстың жеңімпазы – 500 000 теңгені Отырар ауданының құрама командасы жеңіп алды. Жүлделі II орынды Сайрам ауданы (250 000 теңге) және «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ командалары (250 000 теңге) алса, үшінші орын Ордабасы (150 000 теңге) және Төлеби аудандарына (150 000 теңге) бұйырды. Сонымен қатар, барлық қатысушыларға ын-таландыру сыйлықтары мен алғыс хаттар табысталды. Қатысушы командалар арасында ұлттық нақыштағы киім үлгілерімен ерекшеленген Жетісай, Сарыағаш, Созақ аудандарының және «Балаби қари» құран жаттау орталығының құрамалары көрермен көзайымы номинациясына, қаржылай сыйлықтарға ие болды. Айта кетсек, интеллектуалды ойынға облыстың барлық аудан, қалаларынан ішкі саясат бөлімдерінің қызметкерлері, «Руханият» орталықтарының өкілдері, жастар ресурстық орталықтарында қызмет атқаратын теолог мамандар, дін қызметкерлері және медресе-колледж ұстаздары қатысты.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

◆ Аудан тынысы

БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Мадияр Оразалиев тиісті бөлім басшыларымен бірге Аксукент аумағындағы бірқатар инфрақұрылым және әлеуметтік нысандарды аралады.

Алдымен аудан басшысы Абылай хан даңғылы бойындағы көше жарықтарының жұмысын, жаяу жүргіншілер жолдарының жағдайын және тазалық деңгейін тексеріп шықты. Ол тұрғындарға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырудың маңыздылығын атап өтіп, жауапты сала жетекшілеріне инфрақұрылымды жақсарту және санитарлық тәртіпті сақтау бойынша нақты тапсырмалар берді.

Сонымен қатар, әкім Ақбұлақ бағытындағы көпірдің қазіргі ахуалымен танысып, мердігер ұйым өкілдеріне құрылыс жұмыстарын белгіленген мерзімде әрі сапалы аяқтауды тап-

сырды.

Бұдан бөлек, аудан әкімі Мәртөбе алаңы мен Сайрам базарының маңын аралап, көше жарықтарын, көлік қозғалысын және тұрақ аймақтарының жағдайын бақылады.

Базар алдындағы автотұрақта жүргізушілерге ыңғайлы әрі реттелген тұрақ орындарын көбейту, сондай-ақ айыппұл жағдайларын болдырмау жөнінде нақты ұсыныстар енгізілді.

Сапар барысында Аксукент ауылындағы «Манкент» теміржол станциясының реконструкциясы барысы да қаралды. Аудан басшысы жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қозғалыс инфрақұрылымын жақсарту жұмыстарын ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ БАҚЫЛАУДА

Қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздік – әр азаматтың жауапкершілігіне тікелей байланысты. Соның ішінде жол қозғалысындағы сақтық-адам өмірінің амандығын айқындайтын факторлардың бірі. Осыған сәйкес аудан әкімі Мадияр Оразалиев Аксу–2 ауылындағы көпқабатты тұрғын үйлер аумағын аралап, ойын алаңдарының жағдайын, көше жарықтарының жұмысын және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын бақылап, тексеріп шықты. Аудан басшысы тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру мен қауіпсіз орта қалыптастыру әрбіріміздің басты міндетіміз екенін атап өтіп, тиісті сала басшыларына қажетті шараларды уақытылы атқаруды тапсырды.

Сондай-ақ, аудан әкімі Аксукент ауылындағы Шахабиддин көшесінен салынуы жоспарланған теміржол үсті көпірінің орнын барып көріп, жобаның іске асырылу мәселесін талқылады. Мадияр Мұхтарұлы бұл нысанның аудандағы көлік қозғалысын жеңілдетіп, тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай туғызатынын атап өтті.

«Мәртөбе»-ақпарат».



► Жазылым - 2026

Құрметті оқырман!

- Егер сіз, ұлт мүддесін ойласаңыз;
- Егер мемлекеттік саясаттан хабардар болғыңыз келсе;
- Ана тілінің ахуалы, өнеріміздің өркені қызықтырса;
- Қоғамдағы түйіткілдер толғандырса - «Мәртөбеге» жазылыңыз!

Газетімізде сондай-ақ, аудан жаңалықтары, әлеуметтік әлеуеті, кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығының жетістіктері жарияланып тұрады.

Сіздер алдағы 2026 жылдың I жартыжылдығына «ИП Умаров А.А.», «Қазпошта», «Ернұр-пресс», «ИП Курманбаева», «Евразия-пресс» ұйымдары арқылы жазыла аласыздар.

ИНДЕКСІМІЗ: 65838.

